

**Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева  
Факультет журналистики и политологии  
Кафедра политологии**

**МӘНГІЛІК ЕЛ – ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОЕ  
ЕДИНСТВО, МИР И СОГЛАСИЕ**

-----

*Материалы - Международной  
научно-практической конференции  
(г. Астана, 2017г.)*

УДК 378:327(063)  
ББК 74.58+66.4  
М 36

**Ответственный научный редактор Нечаева Е.Л.**  
К.п.н., профессор

**Редакционная коллегия:**  
**Копежанова Д.Е., Дюсембекова М.К., Жанпейсова Қ.Д.**

Мәңгілік Ел – Общенациональное единство, мир и согласие: сбор.матер. VI-  
Межд. науч.-прак. конф.– Астана, ТОО Мастер По, 2017.- 174 с.

ISBN 978-601-301-928-4

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит доклады ученых, докторантов, магистрантов и студентов казахстанских и зарубежных вузов.

В нем рассматриваются ключевые аспекты социальных и политических процессов Евразийской интеграции, социально-коммуникативные технологии и инновационные процессы в обществе.

В материалах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

*Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение Закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций и научные руководители.*

УДК 378:327(063)  
ББК 74.58+66.4

ISBN 978-601-301-928-4

© **Кафедра политологии**  
**ЕНУ им.Л.Н. Гумилева, 2017**

арттыратын ең маңызды фактор – бұл адам ресурсы. Қазақ қашанда мал басын өсіремін деп жүріп, жан санын, яғни, өз санын да өсіру керектігін ұмытпауымыз абзал.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Тәтімов М. Халықнама немесе Сан мен Сана: Т 27 Демографтың ойтолғаныстары. – Алматы: Жазушы, 1992. – 184б.
2. Тәтімов М., Әлиев Ж. Дербестігіміз – демографияда: - Алматы: Жеті жарғы, 1999. – 264б.
3. <https://egemen.kz/old/?act=readarticle&id=478>

**Қалиоллаұлы Дармен  
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ  
саясаттану кафедрасының  
аға оқытушысы  
Астана қ., Қазақстан**

**МӘНГІЛІК ЕЛ – МЕМЛЕКЕТТІГІМІЗДІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ**

Еліміздің Ата Заңындағы қағидаттарға сәйкес республика Президентінің мемлекеттік саясаттың ұзақ мерзімді стратегияларына қол жеткізу негізіндегі халыққа жыл сайын арналатын Жолдаулары өзінің логикалық жағынан бірізділігімен ерекшеленіп келеді. Сондықтан еліміздің азаматтары мен мемлекеттік институттар алдағы кезеңдегі жаңа мемлекеттік саясат басымдықтарының айқындалуын аса қызығушылықпен күтеді.

Қытайдың көрнекті ойшылы Лао Цзы «мың шақырымдық сапар алғашқы қадамнан басталады» демекші, Елбасымыздың биылғы халыққа Жолдауындағы «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы ұзақ мерзімді «Қазақстан-2050» стратегиясындағы ұлы мақсаттарға қол жеткізудің бір жұрнағы іспетті. Бұл Жолдаудың негізгі құндылықтарының бірі – біздің ұлттық идеологиямыздың «Мәңгілік Ел» деп айқындалуы болды. Бұл идея бүкіл қазақстандықтарды ұлтына, нәсіліне, діни сеніміне қарамастан бір топқа топтастыратын мемлекетіміздің басты идеологиясы ретінде жария етілді.

Ұлт көшбасшысы аталған құжатта жаңа идеологиялық бағыттың негізгі тұстарын нақтылап қана қоймай, сондай-ақ қазақ халқының күшті мемлекет – «Мәңгілік Ел» туралы санғасырлық асыл арманын мемлекеттік деңгейде нығайта түсті.

Ерекше көңіл бөлетін жайт, еліміздің Президенті басты назарды әлеуметтік және экономикалық салаларға аударумен қатар, барлық

қазақстандықтар үшін маңызды мәнге ие идеологиялық мәселелерге айрықша екіпін жасайды.

Тарихи тұрғыдан алғанда, біздің республика аз ғана уақыт ішінде қазіргі әлемнің барлық қауіп-қатерлеріне қарамастан, өзінің беделіне ие болып, өзінің құндылықтары мен саяси ұстанымдарын, сонымен бірге барлық қазақстандық халықтың бірлігін рухани бекемдей отырып түбегейлі өзгерді, жанарды және қуаттанды.

Бұған қазақ халқының сыртқы қауіптерге қарсы тұрудағы бірлігі мен дәстүрлерге ұқыпты қарай отырып, оны терең сақтауда көрінетін ерекше мәдени генетикалық белгінің болуымен айқындалатын бірегей мінезі ықпал етті.

Қазақтардың ерекше мәдени-тарихи белгісі тарихтың қатаң кезеңдерінде, соғыстарда, әміршіл-әкімшіл жүйенің күштеу мен репрессия сияқты зобалаң уақыттарында өз мәнін жоғалтқан жоқ.

Қазіргі таңдағы Тәуелсіз елдің қалыптасуы мен дамуының басты нәтижесі – мықты негізі бар мемлекеттілік пен күшті саяси және экономикалық жүйенің орнауы.

Республикада «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» принципі бойынша бірегей көпэтникалық және поликонфессиялық қоғам қалыптасты. Бұл нығайтушы идея Қазақстан халқын бір ортақ айқын мақсаттағы бір елге топтастырады.

«Мәңгілік Ел» біздің мемлекеттігіміздің жеті негізгі құндылықтан тұратын жаңа ұлттық идеяны қамтиды. Олар:

Біріншіден, бұл – Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы.

Екіншіден, бұл – қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім.

Үшіншіден, бұл – зайырлы қоғам және жоғары руханият.

Төртіншіден, бұл – индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім.

Бесіншіден, бұл – Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы.

Алтыншыдан, бұл – тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы.

Жетіншіден, бұл – еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

*«Осы құндылықтар арқасында біз әрдайым жеңіске жеттік, елімізді нығайттық, ұлы жетістіктерімізді еселедік.*

*Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің идеялық негізі осы мемлекет құраушы, жалпыұлттық құндылықтарда жатыр»* деген Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың сөздері «Қазақстан-2050» ұлттық стратегиямызда белгіленген ұлы мақсаттарға жетудегі біздің мемлекеттігіміздің басты құндылықтарын айқындайды.

Осылайша нақты әрі, толық жазылған ұлттық идея бізге қойылған мақсаттарға қол жеткізуге септігін тигізе отырып, біздің қызметіміздің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан-2050» басты мақсатымызды жүзеге асыруда барлық іс-әрекеттеріміз бүкілхалықтық қолдау принципі бойынша бағытталуы тиіс екендігін айрықша атап өтеді.

Аталған контексте «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын әрбір қазақстандық өзінің санасында бекемдей отырып және өз мемлекетімен бірігіп, жоғары белестерге және жеке табыстарға бірге қол жеткізіп, сонымен қатар барша әлемдік қауымдастыққа өзінің басты игілігі – жоғары рухтылық, әралуандықтағы бірлік пен жасампаздыққа ұмтылушылықты көрсетуі тиіс екендігі маңызды.

Бұл үшін қазақстандық халықта этносаралық және конфессияаралық келісім мен өзара құрметтеудің толерантты ортасының құрылуына, ел тұрғындары көпшілігінің ұқсас құндылықты бағдарларының қалыптасуына себепші жинақталған бай және тарихи баға жетпес тәжірибесі бар.

Өз заманында данамыз ұлы Абай *«татулықтан артық жолдас жоқ»* деген екен. Сол сияқты әлемдік аренада сыртқы саясатты жүргізудің бейбітшілік сүйгіштік принципін ұстана отырып, біздің қазақ жеріндегі әр түрлі ұлттар, конфессиялар мен мәдениеттердің өкілдері бейбітшілікте, келісім мен достықта өмір сүріп келе жатқандығын барша әлем жоғары бағалауда.

Мемлекеттің идеологиялық бағдарының тиянақталуы принципті түрде маңызды, өйткені ол дін сияқты нәзік салада одан әрі ілгерілеуді қамтамасыз ету үшін берік негіз болады.

Бүгінгі күні дін саласындағы мемлекеттік саясат болжанбалы басқарылатын діни үдерістер мен мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың тұтас жүйесін құру бойынша Елбасы Н.Ә.Назарбаевпен айқындалған стратегияның шеңберінде қалыптасуда.

Қазақстанның ағымдық кезеңдегі діни жағдайы мемлекеттік институттар рөлінің, әсіресе – Қазақстан Республикасының Дін істері Агенттігі, сонымен қатар осы саладағы реттеушілік механизмдерінің күшеюімен сипатталады. 2011жылы қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы Қазақстан Республикасының Заңы тиімді әрекет етуде.

Өлшемденген салықалы саясаттың нәтижесінде Қазақстанда біздің отандастарымыздың дінге сенуші бөлігінің діни сезімдері мен қажеттіліктерін білдіруге және барынша қанағаттандыруға ықпал етуші тұрақты және оңтайлы конфессиялық кеңістік қалыптасты.

Осының арқасында Қазақстандағы дін саяси, конфессиялық немесе этникалық қауымдастықтарға өзін қарсы қоюшы, бәсекелесуші доминант ретінде емес, қазақстандықтардың руханилығын өзара толықтырушы фактор ретінде көрінеді.

Қазақстандық қоғамдағы дінге сенушілердің арасында барлық әлемдік діндердің ізбасарлары бар: Ислам, Христиан, Иудаизм және Буддизм, сонымен қатар алуантүрліліктегі бірлік принципі бойынша бірге өмір сүруші басқа да конфессиялар.

Мәселен, елімізде ислам мен православие, сонымен бірге басқа да діндердің арасындағы бекіген игі қатынастар тарихи заманнан қалыптасқан. Аталған фактордың әсерінен ең негізгі конфессиялардың қызметі қоғамдық құрылым үшін бірегей және пайдалы сипатқа ие болады. Бұл тікелей, әрі жанама түрде елдің тиімді мемлекеттік дамуына және жалпыұлттық бірлік пен толеранттылықтың одан әрі нығаюына ықпал етеді.

Мемлекет басшысының стратегиялық саясатын қолдап және оны жүзеге асыра отырып, біз «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын былай түсінуіміз қажет: барлық қазақстандықтардың, азаматтық институттардың, мемлекеттік құрылымдардың ортақ міндеті – халықтың топтасуы барысындағы қол жеткізген межеде тоқтап қалмай, туған Отанымыздағы бейбітшілік пен тыныштықты сақтауға бағытталған ұлттардың өзара қатынастарын одан әрі тереңдету және жетілдіру.

Осыған байланысты сонау ата-бабаларымыздың аузынан шыққан адами болмыс құндылықтарын айшықтайтын өнегелі мақалдары бар еді: *«Алтау ала болса, ауыздағы кетеді. Төртеу түгел болса, төбедегі келеді», «Бірлік қайда болса, ерлік сонда. Еркіндік қайда болса, елдік сонда».* Сол сияқты *«Береке басы — бірлік», «Тату елдің тамағы таусылмайды», «Біріккен бітіреді, ұйымдасқан ұтады»* деген ұлтымыздың ұлағатты сөздері бүгінгі күндегі біздің еліміздің мұратына айналған ынтымақ қоғамымыздың бейнесін айқындап тұр.

«Мәңгілік Ел» - бұл тек жай нысанданған күнделікті оқырманға арналған құжат емес, бұл өз кезегінде еліміздің Ата заңымыздың маңыздылығымен теңдес идеологиялық құжат. Бұл идея мемлекет тіршілігінің барлық аспектілерінде, атап айтқанда білім беруде, тәрбие ісінде, мемлекеттік қызметте және әлемдік аренада Қазақстанның беделінің одан әрі артуына септігін тигізетін ұлттық идея болуы тиіс.

Ұлт көшбасшысы, ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Мәңгілік Елді» құруға шақырып қана қоймай, қазақстандық жас ұрпақтарға бағытталған ұлы істің бастаушысы болды.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында аталған межеге дейін басты мақсат етіп қойған әлемнің ең дамыған 30 елдің қатарына енуі үшін, біз еліміздің одан әрі мәдени құндылықтарын, дәстүрлері мен діндерін сақтап, халықтың бірлігін қорғап, көрші мемлекеттермен әріптестік қатынастарды дамытуымыз қажет.

Осыған орай Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың мынадай сөздері әрдайым еске оралады: «*Табысты дамуға қажетті шарт - бейбітшілік, тату көршілік және өзара сенім ахуалын орнықтыру*».

Ата – бабаларымыз аңсаған «Мәңгілік ел» рухын бекемдеу үшін әрбір қазақстандық азамат, елімізді мекендеген әрбір ұлт осы бағытта аянбай еңбек етіп, ұлттық бірлігіміз асқан байлық екендігін өскелең ұрпақтың санасына сіндіру қажет. Сонда ғана мемлекетіміз ұлттық стратегиямыздағы белгіленген мақсаттарға қол жеткізе отырып, әлемдегі ең қуатты, гүлденген елге айналады.

**Қозықанова Т.  
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ  
«Саясаттану» мамандығының магистранты  
Астана қ., Қазақстан**  
(Ғылыми жетекшісі: с.ғ.д., профессор Қалиев Н.К.)

### **БЕС ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ РЕФОРМАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ПАРЛАМЕНТТІҢ РӨЛІ**

Бүгінгі жаһандық жағдай Қазақстанға сырттан төнген небір қауіптердің әлі де қатайып тұрғанын, алдын алу шараларына бекем ден қоюдың қажеттілігін айғақтайды. Өйткені, қазіргі экономикалық дағдарыстан елдер титықтап, геосаяси мәселелердің салдарынан мемлекеттерде дегбір кете бастады. Бұл ретте 2015 жылдың 26 сәуірінде өткен кезектен тыс Президенттік сайлауға қатысу барысында Елбасы Қазақстанның мемлекеттілігіне төнуі мүмкін жаһандық қыр көрсетулерге стандартты емес әрі қуатты жауап берілуі қажеттігін мәлімдеп, Қазақстан халқына Бес институционалық реформа мен оны жүзеге асыратын "100 нақты қадам" бағдарламасын ұсынған болатын. Қазақстан Республкасы Президенті Н.Ә. Назарбаев ұсынған "Бес институционалық реформа" мен оны жүзеге асыратын "100 нақты қадам" қазақстандықтар жүзеге асыратын Ұлт жоспары болып табылады[1].

Бірінші институционалды реформа - *кәсіби мемлекеттік аппарат құру*. Алғашқы 15 қадам кәсіби мемлекеттік аппарат құруға бағытталған. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметкерлердің еңбекақы төлеуінің жүйесін және сыбайлас жемқорлықпен күресуді жаңғыртуды жобалайды. Соған орай, бірнеше заң қабылданып, мемлекеттік қызмет жұмысы туралы агенттілікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы бөлім құрастырылып, қызмет етіп жатқан мемлекеттік қызметкерлердің кешендік аттестациясы өткізілді. Бұл саладағы өзгерістер мемлекеттік қызметке шетелдік менеджерлерді, жеке